



## Кадет-оқушылар Академияда болды

Өткен аптада Қостанай қаласының №28-ші кадет орта білім беретін мектебінің оқушылары Ішкі істер министрлігінің Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының тыныс-тіршілігімен танысуға келді.



Академия қабырғасына келген қонақтар ең алдымен мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ішкі істер министрі, генерал-лейтенант (II дәрежелі ішкі қызмет генерал-лейтенанты), ИИМ еңбек сіңірген қызметкері Ш.Қабылбаевтың өмірбаянымен және Академия тарихымен танысып, мұражайды тамашалады. Оқу ордамызға келген жасөспірімдердің академияға келу мақсаты - болашақта таңдаған мамандықтарын адал тауып, кәсіби, жақсы маман атану. Оқушылар мұражайды тамашалағаннан кейін, акт залында «Жасөспірімдерге арналған Полиция академиясы», «Академия» волонтерлер клубы және Академия туралы бейнероликті тамашалады.

Сондай-ақ, оқушылар курсанттардың ас ішетін асханасына кіріп, күнделікті ас мәзірімен танысты. Одан кейін спорт кешінен аралап, онда спортпен жаттығып жатқан курсанттардың бір күндік өмірімен танысты. Қонақтарға курсанттарымыз спорттың әртүрлі жаттығулар көрсетіп, олардың спортқа деген қызығушылықтарын оятып талпындыра түсті.

Жалпы академияның тыныс-

тіршілігі, профессорлық-оқытушылық құрамының сабақ беру тәсілі, спортпен шұғылдану жаттығулары, келген оқушылардың көңілінен шықты. Кездесу барысында оқушылар сұрақтарын қойып, Академияның басқа жоғары оқу орындарынан қандай айырмашылықтары бар екендігіне жауап алды, сонымен қатар бұл ведомстволық оқу орнында білім нәрін алып жатқан курсанттар, яғни болашақ тәртіп сақшыларының біліммен қоса ғылымда, спортта және басқа да салаларда қол жеткізген жетістіктерімен танысты. Оқушылардың ішінде осынау тамаша кездесуден кейін, болашақта ішкі істер органдарының тәртіп сақшылары болғылары келетіндігін жеткізгендері де болды.

Міне, бір күндік кәсіптік бағдар жұмысы осылайша жемісті өтті.

**О. УАҚПАЕВА,**  
**ҚР ИИМ Ш.Қабылбаев атындағы**  
**Қостанай академиясы**  
**баспасөз хатшысы**

## Жастарды қатарымызға тартсақ

Ішкі істер органдарының, оның ішінде көлік полициясының қатарын жастармен толықтырып отыру күн тәртібінде тұрған мәселелердің бірі болса керек.



Міне, осы орайда ағымдағы жылдың 30 қаңтарында Қостанай ст. ЖПБ бастығының кадр саясаты жөніндегі орынбасары полиция подполковнигі С.Т. Мурзамагамбетова Қостанай гуманитарлық колледжінің 3-курс студенттерімен кездесу өткізіп, ішкі істер органдарына қызметке кіру тәртібін түсіндірді.

Кездесу барысында Сауле Темірбекқызы студенттерге ішкі істер органдарында қызмет етудің артықшылықтары және қызметкерлер үшін берілетін әлеуметтік кепілдіктерге жан-жақты тоқталды. Сонымен қатар көлік полициясының жұмыс ерекшеліктерін айқындап, полицейлер өмірінен студенттерді қызықтырар мағлұматтар берді.

Кездесу соңында студенттерге буклеттер үлестіріліп, қызығушылық тудыратын сұрақтарға жауап берілді.

Қостанай ст. ЖПБ ІжСКТ

## Көпбалалы отбасыларға әлеуметтік топтама

Көпбалалы отбасыларға кепілдендірілген әлеуметтік топтама қашан берілетіні белгілі болды. Бұл туралы 3 ақпанда Үкімет үйіндегі баспасөз мәслихатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«2020 жылдан атаулы әлеуметтік көмектің жаңа тәртібі қолданысқа енгізілді. Бүгінгі күні Қазақстан бойынша 97,5 мың отбасы немесе 504 мың адам жергілікті атқарушы органдарға өтініш берді. Оның 64 пайызы балалар, 41 пайызы көпбалалы отбасылар. Қазіргі уақытта 2 260-тан астам учаскелік

комиссия жұмыс істеп жатыр. 47 мың отбасыға немесе 237 мың адамға атаулы әлеуметтік көмек тағайындалды. Балаларға арналған кепілдендірілген әлеуметтік топтама да беріледі. Ол жаңа тәртіп. Бұған қатысты жұмыстың бәрін атқардық. Жергілікті атқарушы органдармен бүкіл тетігін пысықтадық. Бұл жерде мемлекеттік сатып алу тәртібі жүреді. Оған ел Президенті өзінің тиісті тапсырмасы мен рұқсатын берді. Дәл осы аз қамтылған отбасыларға кепілдендірілген әлеуметтік топтаманы бір көзден сатып алу жөнінде Үкімет өз тарапынан әкімдіктердің ұсынысы бойынша 543 жеткізушіні белгіледі, - деді ол.

Осы ретте министр бұл көмек түрі қай уақыттан бастап берілетіндігін нақты айтты.

«Біздің жоспарымыз бойынша ақпан айының 5-іне дейін келісімшарт жасалып бітеді. Атаулы әлеуметтік көмекке қаңтарда өтініш берген азаматтардың тізімі белгіленді. Атаулы әлеуметтік көмекке ие болған азаматтар кепілдендірілген әлеуметтік топтамаға да ие болады. 10 ақпаннан қаңтар айының атаулы әлеуметтік көмегі төлене бастайды. 15 ақпанға қарай әлеуметтік топтама да халыққа жеткізіледі», - деді Біржан Нұрымбетов.

## Әр үйдің өз шоты болады

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі Қайырбек Өскенбаев жақында қабылданған жаңа заң бойынша ПИК жұмысына қандай өзгерістер енгізілетінін айтып берді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Өздеріңіз білетіндей, біздің елімізде «Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мәселелері бойынша заң» қабылданып, тиісті нормалар күшіне енгелі жатыр. ТҮКШ дегенде ең алдымен, ПИК жұмыстарына қатысты шағымдар өте көп болатын. Себебі ПИК жұмысты бастан аяқ өзі атқаратын. Яғни, ПИК жұмысты өзі жасап, нәтижесін қабылдап, атқарылған жұмысқа өзі баға беріп, жиналған ақшаға сай тиісті төлемдерді жүргізіп отыратын. Сол себепті мүлік иесі мен қызмет көрсететін компанияның құқығының

ара жігін ажыратып алу керек болды. Тұрғындар өзіне қызмет көрсететін компанияның жұмысына көңілі тола ма, жоқ па – пікірін білдіре алады. Осыған байланысты әр үйдің өз шоты болу керек деген шешімге келдік. Яғни, мұндағы жүйе бір шот – бір үй – бір басқару органы бойынша құралады», - деді Қайырбек Өскенбаев ОКҚ-да өткен баспасөз мәслихатында.

Вице-министрдің айтуына қарағанда, бұл ретте басқару формасы екі түрлі болады. Яғни заңды тұлға да, заңгерлік білімі жоқ адам да жетекшілік жұмысты атқара алады. Себебі 4 немесе 6 пәтерден ғана тұратын үйлерде заңгерлік білімі бар адамдар табылмауы мүмкін.

«Көппәтерлі үйлердің тұрғындары басқарудың екі формасын өзі таңдай алады. Яғни, олар басқарушы компанияны жалдап ала алады.

Болмаса базалық дағдысы бар адамды өздері сайлап, өз үйлерін басқара алады», - деді ол.

Заң бойынша тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмысының тәртібіне де жаңа нормалар енгізілген.

«Біріншіден, бұл бағытта алдағы екі жыл үшін республикалық бюджеттен 30 млрд теңгеге жуық қаражат бөлінді. Жергілікті атқарушы органдар шұғыл күрделі жөндеуді талап ететін тұрғын үйлер бойынша жобалық-сметалық құжаттамаларды әзірлеуі керек. Осыдан кейін аталған үйлердің тұрғындарымен келісім жасалады», - деді ол.

«Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы мәселелері бойынша заң» қабылданып қойған. Таяу уақыттың ішінде тиісті жұмыстардың бәрі үйлестіріліп, наурыз айынан бастап осы заң тәртібі бойынша тиісті жұмыстар басталады.

## Еңбек инспекторларының мәртебесі көтерілмек

Еңбек инспекторына кәсіпорындарды еш кедергісіз тексеру құқығын беру қажет. Бұл туралы 3 ақпанда Үкімет үйіндегі баспасөз мәслихатында ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Өкінішке қарай 2013 жылы Еңбек министрлігінен әкімдіктердің қарауына өткен Мемлекеттік еңбек инспекциясының саны үнемі қысқарып келе жатыр. Бүгінде бүкіл елімізде 260 ғана еңбек инспекторы бар. Сондықтан барлық кәсіпорындарды толық қамту проблема болып тұр. Мәселен, 1 жылдың ішінде шамамен 9 мың тексеру жүргізілетін болса, онда соның 90 пайызы жұмысшының шағымы бойынша орын алады. Тиісті заңнамада жоспарлы тексеру барынша азайтылған. Бұған қоса, қазіргі уақытта мемлекеттік

еңбек инспекторларына көптеген шектеулер бар. Олар прокуратурадан, тиісті органдардан рұқсат алмайынша, жұмыс берушіге алдын ал ескертпейінше еңбек заңнамасындағы қандай да бір заң бұзушылық туралы шағымға орай әрекет ете алмайды», - деді ол.

Сонымен қатар министрдің айтуынша, еңбек инспекторы мәселен жалақы төленбеуіне қатысты бүкіл ұжымның емес, еңбек инспекциясына жүгінген нақты бір азаматтың ғана шағымын тексере алады.

«Сондықтан Еңбек министрлігі ұсыныс жасады. Халықаралық тәжірибеде еңбек инспекторы жұмысшыға қатысты еңбек заңнамасының бұзылуына жол бермеу үшін кез келген кәсіпорынға тәуліктің кез келген уақытында кедергісіз кіре алады. Біз еңбек инспекторларына осындай мәртебе бергіміз келеді. Қазір Қазақстанда 1 еңбек инспекторына 23

мың жұмысшыдан келеді. Халықаралық еңбек ұйымының ұсынысына сәйкес, 1 инспекторға 10 мың жұмысшыдан келуі тиіс. Яғни, бізге ең алдымен инспекторлардың саны 2 есеге жуық арттыру керек. Екіншіден, еңбек инспекторына еңбек заңнамасының бұзылуына қарсы кез келген уақытта әрекет етуі үшін жоғарыда айтқан мәртебені беруіміз қажет», - деді министр.

Дегенмен, Б.Нұрымбетовтің айтуынша, еңбек инспекторына заңнаманы бұзған кәсіпорынға бірден айыппұл салу құқығы берілмейді. Инспектор ең алдымен кәсіпорынға белгілі бір уақытта еңбек заңнамасын бұзылуын жою туралы ұйғарым беруі қажет. Тек осы ұйғарым белгіленген уақыттың ішінде орындалмаса ғана әкімшілік шара қолдана алады.

## Поезда жолаушыдан есірткі заты табылды

«Браконьер» жедел алдын алу және кең ауқымды «Мүлдем төзбешілік» акциясын өткізу барысында «Қостанай – Қарағанды» бағытындағы № 327 жолаушылар поезының жолаушысы Қостанай облысының тұрғыны 1978 ж.т. М. деген азаматтың полиэтилен сөмкесінен арнайы иісі бар жасыл түсті өсімдік текті түйіншек алынған болатын.



2020 жылғы 22 қаңтардағы сарпашының қорытындысына сәйкес аталған зат жалпы салмағы 71,64 гр «кептірілген марихуана» болып шықты.

Бұл орайда Қостанай ст. ЖПБ қызмет көрсету учаскесінде Қостанай ст. ЖПБ кинологиялық қызметінің қызметкері полиция сержанты А. Ахметжановтың Қостанай ст. ЖПБ ППТ-ның полицейі полиция сержанты А. Салықовпен бірге «Уран» қылмыстық іздестіру итін пайдалана отырып 2020 жылғы 20-шы қаңтарда Қостанай станциясындағы темір жол перронын патрульдеу барысында жоғарыда аталған есірткі затын тапқанын айта кеткен жөн.

Аталған факті бойынша Қостанай станциясындағы ЖПБ қызметкерлері ҚР ҚК-нің 296бабы 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғап, СДТБТ базасында тіркеген.

Қостанай ст. ЖПБ ӘПБ

Бетті жүргізуші Мейраш ЖҮНІСБЕКОВ, e-mail: meyrash@mail.ru